

Embi ТЫНЫСЫ

№ 8 (24),
мамыр
2019 жыл

“Ембімұнайгаз” АҚ-ның корпоративті газеті

Байқау



«Мен – ембілікпін» байқауының жеңімпаздары марапатталды

Компания басшысының ұжым алдындағы 2018 жылда атқарылған жұмыстың қорытындысы мен 2019 жылдың 1-тоқсанына арналған есептік кездесуі дәстүр бойынша осымен екінші рет Қоғаммен байланыс қызметінің ұйымдастыруымен өткен «Мен – ембілікпін» шығармашылық байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімінен басталды.

Биылғы шығармашылық байқау «Ембімұнайгаз» АҚ Даму Тұжырымдамасында айтылған құндылықтар мен

алғашқы мұнай кеніші – Қарашұңгіл кен орнының 120 жылдығы аясында өтіп отыр.

- Байқауға белсене үлес қосқан әрбір қатысушыға шығармашылық идеясы үшін үлкен алғыс айта отырып бүгінгі жеңістерімен құттықтаймын. Компанияның қызметкерлерін, әсіресе, жас мамандарды корпоративтік шараларға, компанияда қолға алынып жатқан тың бастамаларға белсенділікпен қатысуға шақырамын. Сіздер осы арқылы Ком-

пания басшылығына өндіріс көрсеткіштерін жақсартуға арналған өз ұсыныстарыңызды, әріптестеріңіз бен ұжымыңыз туралы ойларыңыз бен пікірлеріңізді еркін айта аласыздар, - деп атап өтті Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков марапаттау рәсімінде.

Биылғы шығармашылық байқауға 15 қызметкер қатысып, 21 шығармашылық еңбек түсті. Өткен жылғы сайыстан ерекшелігі - Бас жүлденің тағайындалуы. «Қарашұңгіл кен алаңының

120 жылдығына арналған үздік логотип (эмблема)» номинациясы бойынша кешенді шығармашылық туындылары үшін «Ембімұнайэнерго» басқармасының «Құлсары» АЭТ электро монтері Жайнагүл Әбішқалиқызы сайыстың Бас жүлдесін жеңіп алды.

«Мен – ембілікпін» шығармашылық байқауының жеңімпаздары туралы материал 19.04.2019 ж. күні жарық көрген «Ембі тынысы» газетінің 7-санында жарияланған болатын. **Е**

Жыл қорытындысы

Қауіпсіз жұмыс үшін миллион

«Ембімұнайгаз» АҚ 2018 жылдың қорытындысына сай Компанияның өндірістік құрылымдық бөлімшелері (ӨҚБ) арасында еңбекті қорғау, өндірістік және өрт қауіпсіздігі жұмыстары бойынша дәстүрлі байқау-конкурсының есебіне арналған салтанатты шара өтті.

Биылғы салтанатты шара «Дос-сормұнайгаз» МГӨБ базасында - Дос-сор кентінде ұйымдастырылды. Оған Компания басшылығы, ӨҚБ басшылы-

ғы мен еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің, барлық ӨҚБ ЕЖҚОҚ бөлімінің мамандары қатысты. «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Ө.Е.Жақсыбеков шараға қатысушылар алдында құттықтау сөзін айтып, қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын жоғары қойған Компанияның құндылықтарына тағы бір мәрте тоқтала кетті.

- Ұжымның табысты еңбектерінің арқасында 2018 жылы апатты жағ-

дай бойынша нөлдік көрсеткішке қол жеткіздік. Компания заң талаптарын сақтай отырып, өзінің алдына қойған міндеттерді толығымен орындауда. Ембі өндірісі халықаралық компанияларда қолданыстағы заманауи әдістерді тиімді пайдалана отырып, алға жылжуы керек, - деп атап өтті өз сөзінде Компания басшысы.

2018 жылдың қорытындысы бойынша алты ӨҚБ арасында қауіпсіз

күндердің саны бойынша 1 209 күнді апатты оқиғасыз өткізген «Ембімұнайэнерго» басқармасы үздік деп танылды. Марапаттау рәсімінде ұжым атынан «Ембімұнайэнерго» басқармасының басшысы Жәнібекбай Төлегеновке диплом табыс етіліп, дипломмен бірге естелік кубок және 1 000 000 (бір миллион) теңге ақшалай сыйлық берілді.

Жалғасы 4- бетте

Тағайындаулар



Абат Ақмұқанұлы Нұрсейітов
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы»
АҚ мұнай және газ өндіру жөніндегі
басқарушы директоры



Нұрлан Қалиоллаұлы Өтенов
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы»
АҚ трансформация және цифровизация
жөніндегі басқарушы директоры



Есен Оғланұлы Өтеев
«Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры
(Басқарма төрағасы)



Қалбай Әжімбайұлы Ізмұханов
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас
директорының бірінші орынбасары

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қорының 2019 жылдың бірінші тоқсанындағы таза кірісі өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 17,1% -ға өсіп, 343 млрд. теңгені құрады. Бұл туралы Қордың Басқарма төрағасы Ахметжан Есімовтың қатысуымен өткен Қордың қоржындық компанияларының басшыларымен

кездесуі барысында белгілі болды. Осылайша, 2019 жылдың қаңтар-наурыз айларында сатудан түскен түсімдер мен таза кіріс 1 951 млрд және 343 млрд теңгені құрады, алғашқы үш айда жоспардың орындалуы сәйкесінше 95%-ды және 188%-ды құрады. Операциялық пайда (NOPLAT) ағымдағы жылдың үш

айында 240 млрд теңгені құрады, бұл 28 млрд теңгеге немесе жоспарланған межеден 13 %-ға артық.

Қаржы көрсеткіштерінің өсуіне әсер еткен негізгі факторлар: мұнай өнімдерін, газды, газ конденсатын сату көлемінің және жүк айналымының артуы, пошта қызметтерінің көбеюі, аффинаждалған алтын өндірудің ай-

тарлықтай өсуі. Сонымен қатар, Қордың барлық ірі портфельдік компанияларында тауар құны мен жалпы әкімшілік шығындар азайды.

Таза табыстың артуына сонымен қатар «ҚазМұнайГаз» АҚ тобындағы қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардан түскен кіріс үлесінің ұлғаюы әсер етті. **Е**

«ҚазМұнайГаз» компаниялары тобының өкілдері еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін талқылады

2019 жылғы 29 сәуірде Ақтау қаласында «ҚазМұнайГаз» компаниялары тобының (бұдан әрі – ҚМГ) еңбекті және қоршаған ортаны қорғау (ЕҚОҚ) қызметтері директорларының 20-шы мерейтойлық мәжілісі өтті. Шараға ҚМГ және оның еншілес ұйымдарының экологиялық нормалардың сақталуына және қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты 140-тан астам маман қатысты. Мәжіліс қауіпсіздік пен еңбекті қорғаудың ағымдағы жай-күйін бағалау, оларды әрі қарай жетілдіру, жалпы мәселелерді талқылау және оларды шешу үшін ұсыныстар әзірлеу мақсатында жыл сайын өткізіліп тұрады.

Қалыптасқан дәстүр бойынша кездесу қауіпсіздік минутынан басталды, оның барысында қатысушылар үшін төтенше жағдай кезіндегі қауіпсіздік техникасы жөнінде нұсқама өткізілді.

Кіріспе сөз сөйлеген «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Шолпан Ілмұханбетова күн тәртібінің басты мәселелерін айқындады. Өндірістегі еңбекті қорғау, апат мен жарақаттардың алдын алу және қоршаған ортаға компаниялар қызметінің жағымсыз әсерін азайту мәселелерінде дербес жауапкершілікті арттырудың маңыздылығы мен қажеттілігіне кезекті рет баса назар аударылды.

ҚМГ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі басқарушы директоры Винсент Спинелли соңғы 4 жыл ішінде қауіпсіздік және еңбекті қорғау көрсеткіш-

тері бойынша 2018 жыл ең үздік болғанын атап айтты. 2017 жылмен салыстырғанда адам өлімі болған жағдайлар саны 80%-ға азайды, жарақат алу 32%-ға төмендеді, жарақат алудың ірі (адам өмірі үшін маңызды) ірі оқиғалар саны 57%-ға, жол-көлік оқиғалары салдарынан жарақат алу 47%-ға, өрт саны өткен жылмен салыстырғанда 54%-ға азайды. Жалпы ҚМГ компаниялары тобында қауіпсіз күндер саны (компанияның қызметкерлеріне, активтеріне және қоршаған ортаға зиян келтірмеген күндер) 2014 жылдағы 96-дан 2018 жылы 207-ге дейін ұлғайды.

Мәжіліс барысында 2019 жылға арналған мақсаттар да белгіленді. Еңбекті қорғау саласында жұмыс орнындағы қауіпсіздіктің алдын алу мәдениетін қалыптастыру және еңбек етудің қауіпсіз емес жағдайларын анықтау жөніндегі жұмыс жалғасын табады. Сондай-ақ қалдықтарды басқару және өртке қарсы қауіпсіздікті сақтау мәселелеріне де басымдық беріледі. Бұдан басқа осы жылы мердігерлік ұйымдарға және олардың ЕҚОҚ нормаларын сақталуына қатаң бақылау орнату жоспарланып отыр.

Анықтама үшін:

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ көмірсутегілерді барлау, өндіру, өңдеу және тасымалдау жөніндегі қазақстандық ұлттық оператор. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акцияларының 90,42%-ы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-қа, 9,58%-ы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі.

«Ембімұнайгаз» АҚ 2018 жылы апатты жағдай бойынша нөлдік көрсеткішке қол жеткізді. Бұл - ұжымдағы табысты еңбектің, татулықтың нәтижесі. **Е**



Құрметті әріптестер!

«Ембімұнайгаз» АҚ өзінің тарихында әлеуметтік қолдауға зәру жандарға үнемі қол ұшын созуды назарда ұстап келеді. Жыл сайын ұйымшыл ұжым мүшелері айлық жалақылары есептерінен әлеуметтік-тұрмыстық көмекке мұқтаж жерлестеріне қолдау ұйымдастыруды дәстүрге енгізген.

2015 жылы ембілік мұнайшылардың бір күндік айлығы есебінен жиналған қаражатқа тәрбиесінде мүмкіншілігі шектеулі жандары бар 4 отбасының баспаналарына күрделі жөндеу жүргізіліп, бір жалғызілікті зейнеткер қартқа жаңа тұрғын үй салынып берілді.

2016 жылы тәрбиесінде 4 баласы бар, оның 2-уі ауыр науқас Атырау қаласының тұрғынына жаңа баспана салынды.

Өткен жылы ембіліктер тарапынан Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданындағы су тасқынынан зардап шеккен жандарға көмек ұйымдастырылды. Мұнайшылар өз еріктерімен қаражат жинап, жинақталған 12 миллион теңгені «Біздің қала-Зыряновск» қайырымдылық қорына аударды. Оған баспаналары судың астында қалған Малеевск, Зубовск, Зырян қаласы маңының тұрғындарына деп 4 пәтер, 3 үй сатып алынды.

Компания ұжымы жыл сайын қайырымдылық жаңа жылдық жәрмеңкесін ұйымдастырып, жиналған қаражатқа мүмкіншілігі шектеулі балалар мен

әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасы балаларына жаңа жылдық сыйлықтар тарту етеді.

Бүгінде Компания қызметкерлері тұрақты әрі жоғары жалақымен, жақсы әлеуметтік пакетпен қамтылған. Сонымен қатар, мұнайшылар мен олардың отбасы мүшелері медициналық сақтандыру шараларымен және қосымша жеңілдік әлеуметтік көмектер ретінде төленетін әртүрлі төлемдермен толықтай қамтамасыз етілген.

Дей тұрсақ та, Ембінің өндірістік алаңдары орналасқан Атырау облысының Мақат, Исатай, Қызылқоға, Жылыой аудандарының аумағында тұрақты кірістері жоқ, балаларын қажетті жағдаймен - жәйлі баспанамен қамти алмайтын көп балалы жанұялар бар.

Қадірменді әріптестер!

Баршаларыңызды мұсылман қауымының қасиетті шарасы - Рамазан мейрамы қарсаңында бір күндік жалақы есебінен көп балалы отбасыларды баспанамен қамту үшін көмек ұйымдастыруға шақырамын. Сіздердің мұқтаж жандарға - жерлестеріңізге көрсеткен көмектеріңіз өз шаңырақтарыңызға игілігімен оралатынына сенімдімін. Өйткені, нұр үстіне нұр келері даусыз.

Құрметпен,

Басқарма төрағасы
Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ

Уважаемые коллеги!

На протяжении всей почти столетней истории нашего славного предприятия эмбинских нефтяников отличает сопереживание к чужой беде и готовность прийти на помощь. Практически ежегодно, наш большой и дружный коллектив за счет личных средств оказывает поддержку соотечественникам, оказавшихся без крыши над головой.

В 2015 году на средства, собранные эмбинцами, были капитально отремонтированы 4 дома для жителей г. Атырау, в семьях которых росли дети с ограниченными возможностями и построен новый дом для одинокого пенсионера. В 2016 году построен новый дом для многодетной семьи г. Атырау, в которой двое детей страдали серьезными заболеваниями. В прошлом году, наш большой коллектив оказал помощь жителям Зыряновского района Восточно-Казахстанской области, пострадавшим от сильного паводка. На средства, перечисленные нефтяниками Эмбы в благотворительный Фонд «Наш город - Зыряновск», были приобретены четыре квартиры и три дома для жителей поселков Малеевск, Зубовск и окраин города Зыряновск, чьи дома не подлежали восстановлению. Ежегодно в Компании организуются благотворительные новогодние ярмарки, по итогам которых на вырученные средства, приобретают-

ся подарки для детей с ограниченными возможностями и других социально-уязвимых категорий населения.

Сегодня, благодаря сплоченной работе нашего коллектива, каждый эмбинец обеспечен стабильной заработной платой и социальным пакетом, который помимо медицинского страхования включает широкий перечень дополнительных выплат и льгот как для работника, так и членов его семьи. В то же время, в районах Атырауской области, где размещаются производственные активы Эмбы – в Мақатском, Исатайском, Қызылқоғинском и Жылыойском районах, живут многодетные семьи, которые в силу разных причин, не имеют стабильного или достаточного дохода, чтобы обеспечить своих детей самым необходимым атрибутом качественной жизни – комфортным жильем!

Дорогие коллеги!

В преддверии светлого мусульманского праздника Рамазан призываю Вас выделить свой однодневный заработок на приобретение жилья для многодетных нуждающихся семей в районах нашей области! Уверен, что добро и уют, подаренные нашим землякам, сторицей вернутся в Ваши дома, а в истории Эмбы появится еще одна славная страница!

С уважением,

Председатель Правления
Ануар ЖАҚСЫБЕКОВ

Тұрғындармен жүздесу

Қызылқоға ауданының тұрғындарымен кездесу

Алда бізді маңызды оқиға күтіп тұр. Ағымдағы жылдың 9-маусымында ҚР Президентінің кезектен тыс сайлауы өтеді. Ел бойынша маңызды шараға қолдау көрсету мен «Нұр Отан» партиясының 18-съезінде айтылған мәселелерді жүзеге асыру - «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығының Қызылқоға ауданы тұрғындарымен болған кездесуінің негізгі тақырыбы болды. Кездесуге аудан әкімі, аудандық мемлекеттік органның басшылары, аудандық мәслихаттың депутаттары мен хатшысы, ардагерлер, бизнес өкілдері, Үкіметтік емес ұйымдардың жетекшілері мен белсенді жастар қатысты.

Кездесуге төрағалық еткен Қызылқоға ауданының әкімі Баженов Арман Сырымұлы «Ембімұнайгаз» АҚ-мен екі арадағы әріптестік байланыс ауданның әлеуметтік-экономикалық салаларының дамуына үлкен қолдау көрсетіп отырғанын атап өтті.

Кездесуде ЕМГ Басқарма төрағасы Әнуар Еркінұлы Жақсыбеков өз сөзінде алдағы сайлау науқанының маңыздылығына тоқталды.

- Баршаларыңызды ҚР Президентінің сайлауына белсенді қатысуға шақырамын. Біздің белсенділігіміз еліміздің тұрақты дамуына, балаларымыздың ертеңгі жарқын болашағына жол салатынын ескерейік! Ағымдағы жылды Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Жастар жылы»

деп жариялады. Осыған орай Компанияда Қызылқоға ауданы бойынша «Мұнайгаз саласын» таңдаған үлгерімдері жақсы екі мектеп түлегінің жоғары білім алуларына қолдау көрсету жөнінде шешім алынды. Елбасы «Нұр Отан» партиясының 18 съезіндегі баяндамасында қоғам алдында тұрған бірнеше міндеттерді, соның ішінде әлеуметтік жағынан аз қамтылған тұрғындарға, олардың тұрғын үй мәселесін шешуде қолдау көрсетуді атап өтті. Атырау облысындағы Компанияның өндірістік-құрылымдық бөлімшелері орналасқан төрт ауданның тұрғындарына тұрғын үйден көмек көрсету үшін бір күндік жалақылары есебінен қолдау ұйымдастыру туралы ұсынысымды мұнайшылар бір ауыздан қабылдады. Бүгінгі таңда тұрақты кірісі жоқ, баспанадан қиыншылық көріп жүрген жерлестерімізге көмек көрсету мақсатында қаражат жинақталып жатыр, - деп атап өтті өз сөзінде «Ембімұнайгаз» АҚ басшысы.

Мұқтаж жандарға қолдау көрсету ембілік мұнайшылар үшін дәстүрге енген игілікті жұмыс. 2015 жылы ембілік мұнайшылардың жинақтаған қаражат есебінен Атырау қаласындағы 4 үй, соның ішінде тәрбиесінде мүмкіншілігі шектеулі балалары бар отбасының баспанасына күрделі жөндеу жүргізіліп, жалғызілікті зейнеткерге жаңа тұрғын үй салынып берілген. 2016 жылы Атырау қаласындағы көп балалы, оның екеуі ауыр дертке шалдыққан жанұяға жаңа баспана салынды. Өткен жылы, ұжым мүшелері су тасқынынан зардап шеккен Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданының тұрғындарына үлкен қолдау көрсетті. Ембіліктер жинаған қаражатқа Малеевск, Зубовск кенттері мен Зырян қаласының шеткі мөлтек аудандарындағы баспаналары жөндеуге келмейтін

тұрғындар үшін 4 пәтер, 3 үй сатып алынды.

Жер қойнауын пайдалану келісімшарттар аясында Компания өндірістік бөлімшелері орналасқан төрт ауданда (Исатай, Жылыой, Мақат және Қызылқоға) балабақша, мәдениет үйлері, спорт кешендері, мектептер мен баспана құрылыстарын салуға және күрделі жөндеуге қаражат бөліп келеді.

Қызылқоға ауданында: 25 әлеуметтік саланың мамандары үшін, 4 балабақша, Жантерек, Сағыз, Мұқыр, Қарабау ауылдарында мектеп, Қарабау селосында фельдшерлік-акушерлік пункттің құрылыстары т.б. салынды. «Самұрық-Қазына Траст» әлеуметтік жобалар қоры ЕМГ АҚ бірлесе отырып, Мұқыр селосында әмбебап спорт алаңын пайдалануға берді.

ЕМГ АҚ қайырымдылық, демеушілік бағдарламасына 2012 мен 2018 жылдарда 2 миллиард теңгеден астам қаражат аударды. Осы қаражатқа 170-тен астам қоғамдық ұйымдарға мен жеке адамдарға, көмелеттік жасқа толмаған, ауыр дертке шалдыққан балалары бар атааналарға көмек көрсетілді. Жыл сайын күз айындағы дәстүрлі «Мектепке жол» акциясы бойынша Қызылқоға ауданына 1 000 000 теңге қаражат аударылып, әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасы мен көп балалы отбасылар үшін киім-кешек, оқу құралдарынан көмектер ұйым-



дастырылды. Ембілік мұнайшылар 2018 жылы Қызылқоға ауданы Сағыз стансасының үш мектеп оқушысының Дубайда арифметика бойынша өткен Халықаралық сайысқа қатысуына демеуші болды.

Кездесу барысында қызылқоғалықтар бүгінгі таңда ЕМГ күшімен геологиялық барлау жұмыстары жүріп жатырған Тайсойған блогының игерілу барысына қызығушылық білдірді. Компания басшысы Әнуар Еркінұлы сейсмобарлау жұмыстары мемлекеттік органдардың бақылауы негізінде техникалық жоба мен қоршаған ортаға әсерді бағалау жобасына сай жүргізілетінін жұртшылықтың қаперіне берді. Жергілікті халықтың жұмысқа тартылуы өзекті жәйт, ЕМГ басшысы Тайсойған блогындағы барлау жұмыстары сәтті аяқталғанда, жаңа жұмыс орындары ашылып, негізгі назар жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтуға берілетінін атап өтті.

Кездесу соңында Әнуар Жақсыбеков аудан ардагерлерімен жеке кездесіп, тағы бір мәрте шарада айтылған мәселелерге қорытынды жасады.



Қауіпсіз жұмыс үшін миллион

Жалғасы. Басы 1-бетте

Басқа номинациялар бойынша ӨҚБ-дің арасынан жеңімпаз қызметкерлері мен ұжымдары да марапатталды.

«Ұңғымаларды жерасты жөндеу үздік бригадасы» номинациясы байқауының жеңімпаздары:

- «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы Ботахан кен орнындағы №5 бригадасы, бригада шеберлері Жәнібек Әбдрахманов, Қармыс Жұлаев дипломмен және сыйлықпен марапатталды

- «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы Забурин кен орнындағы № 6 бригадасы, бригада шеберлері Әміржан Қабделов, Сағатай Ахметжанов дипломмен және сыйлықпен марапатталды.

- «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Кенбай, Ш.Молдабек кен орнындағы № 4 бригадасы, бригада шебері Жарас Абдолиев, Дастан Есенғалиев дипломмен және сыйлықпен марапатталды.

- «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Терең-Өзек кен орнындағы № 6 бригадасы, бригада шебері Ербол Байбұлов, Кенжеғали Дюсенғалиев дипломмен және сыйлықпен марапатталды

«Үздік арнайы техника жүргізушісі» номинациясының жеңімпаздары:

- «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы азот компрессорлық станция машинисті Қуанышқали Есқұлов дипломмен және сыйлықпен марапатталды.

- «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы мұнай өнімдеріне арналған қазан автокөлігінің жүргізушісі Айдарбек Түсүпқалиев дипломмен және сыйлықпен марапатталды

- «Ембімұнайэнерго» басқармасының гидравликалық көтергіш автокөлігінің жүргізушісі Серік Тұралиев дипломмен және сыйлықпен марапатталды.

- «Өндірістік техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасының автокран машинисті Оразғали Измұханбетов дипломмен және сыйлықпен марапатталды .

- «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы ұңғымаларды парафинсіздендіру агрегатының машинисті Арыстанбек Ғалиев дипломмен және сыйлықпен марапатталды

- «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының мұнай кәсіпшілігінің жабдықтарына қызмет көрсететін агрегаттың машинисті Сала-



мат Балжігітов дипломмен және сыйлықпен марапатталды.

«Үздік цех» номинациясының жеңімпаздары:

- «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы Б.Жоламанов атындағы цехы, цех бастығы Ақылбек Көптілеуов дипломмен, бағалы сыйлықпен марапатталды.

- «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы «Қарсақ» мұнай дайындау және айдау цехы, цех бастығы Адай Сарғалиев дипломмен, бағалы сыйлықпен марапатталды.

- «Ембімұнайэнерго» басқармасының «Прорва» аудандық электроторабы участкесі, участок бастығы Нұрболат Асқаров дипломмен, бағалы сыйлықпен марапатталды.

«Еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспекторы» номинациясының жеңімпаздары:

- «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы Зерттеу жұмыстары цехының ұңғымаларды зерттеу операторы Марат Жолдықұлов дипломмен, бағалы сыйлықпен (қол сағаты) марапатталды.

- «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы О.Ш.Қамысты мұнай-

газ өндіру цехының операторы Өтеген Жамбұлов дипломмен, бағалы сыйлықпен (қол сағаты) марапатталады.

- «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы «Ботахан» мұнай-газ өндіру цехының операторы Асхат Дюсенғалиев дипломмен, бағалы сыйлықпен (қол сағаты) марапатталды.

«Еңбекті қорғау инспекторы» номинациясының жеңімпаздары:

- «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы «Газ дайындау және күкірт алу» цехының басшысы Аманжол Бектасов дипломмен, бағалы сыйлықпен (қол сағаты) марапатталды.

- «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы «Мақат мұнай дайындау және айдау» цехының басшысы Мұрат Тайпанов дипломмен, бағалы сыйлықпен (қол сағаты) марапатталды

- «Ембімұнайэнерго» басқармасы Жайық аудандық электроторабы басшысы Нұрқуат Тлепов дипломмен, бағалы сыйлықпен (қол сағаты) марапатталды

«Үздік инженер-эколог» номинациясының жеңімпаздары:

- «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы қоршаған ортаны қорғау бөлімінің бастығы Гая Бекешева дипломмен, бағалы сыйлықпен (қол сағаты) марапатталды.

- «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы қоршаған ортаны қорғау жөніндегі инженер Қайрат Шарипов дипломмен, бағалы сыйлықпен (қол сағаты) марапатталды

- «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы қоршаған ортаны қорғау бөлімі басшысының орынбасары Талғат Мақашев дипломмен, бағалы сыйлықпен (қол сағаты) марапатталды.

- «Ембімұнайгаз» АҚ аппарат басқармасының ЕЖҚОҚ департаментінің қор-

шаған ортаны қорғау жөніндегі жетекші инженері Қуандық Есмұханов дипломмен, бағалы сыйлықпен (қол сағаты) марапатталды.

- «Ембімұнайгаз» АҚ аппарат басқармасының ЕЖҚОҚ департаментінің қоршаған ортаны қорғау жөніндегі аға инженері Бағытжан Қанатбаев дипломмен, бағалы сыйлықпен (қол сағаты) марапатталды.

«Қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі үздік инженер» номинациясының жеңімпаздары:

- «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы инженері Гүлбану Бахитова дипломмен, бағалы сыйлықпен (қол сағаты) және 2 (екі) шипажай жолдамасымен марапатталды.

- «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі инженері Ескендір Кульчанов дипломмен, бағалы сыйлықпен (қол сағаты) және 2 (екі) шипажай жолдамасымен марапатталды.

- «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы инженері Дархан Кайрлиев дипломмен, бағалы сыйлықпен (қол сағаты) және 2 (екі) шипажай жолдамасымен марапатталды.

- «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі аға инженері Марат Мусин дипломмен, бағалы сыйлықпен (қол сағаты) және 2 (екі) шипажай жолдамасымен марапатталды.

- «Ембімұнайэнерго» басқармасының еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі инженері Аманжан Құрмантаев дипломмен, бағалы сыйлықпен (қол сағаты) және 2 (екі) шипажай жолдамасымен марапатталды.

- «Ембімұнайгаз» АҚ аппарат басқармасының ЕЖҚОҚ департаментінің еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы инженері Әлібек Измұханбетов дипломмен, бағалы сыйлықпен (қол сағаты) және 2 (екі) шипажай жолдамасымен марапатталды. **Е**



Подвели итоги и наметили планы

24.04.2019 г. в главном офисе АО «Эмбаунайгаз» (далее ЭМГ или Компания) состоялась отчетная встреча председателя Правления ЭМГ А. Е. Жаксыбекова с коллективом. Предметом встречи стало обсуждение итогов производственной и финансово-хозяйственной деятельности Компании в 2018 году и в первом квартале 2019 г.

О выборах президента и щедрых эмбинцах

Во встрече приняли участие топ-менеджмент, руководители департаментов и служб аппарата управления, руководители и главные инженеры производственных структурных подразделений (далее ПСП), начальники отделов социальной политики и производственных цехов, а также профсоюзные лидеры всех ПСП. По уже сложившейся традиции, перед заслушиванием отчета за прошедший год, состоялась церемония награждения победителей корпоративного конкурса «Я - эмбинец» (подробнее в статье «Победители конкурса «Я - эмбинец!»).

- С момента прошлого общего собрания прошло несколько месяцев, в течение которых произошли важные события в истории страны. Наш Елбасы - Нурсултан Абишевич Назарбаев объявил о сложении своих полномочий в качестве президента Казахстана и передал их на оставшийся срок Касым-Жомарту Кемелевичу Токаеву.

На 9 июня текущего года назначены выборы нового Главы государства. Нефтяники Эмбы всегда были опорой государства и локомотивом ее социально-экономического развития, поэтому призываю наш большой и сплоченный коллектив принять активное участие в выборах! От нашей с Вами активной позиции зависит дальнейшая стабильность и процветание страны и будущее наших детей! - отметил в приветственном слове Ануар Жаксыбеков.

Руководитель ЭМГ также поблагодарил коллектив за поддержку инициативы об оказании материальной помощи жителям 4-х районов Атырауской области, в которых базируются нефтегазодобывающие управления Компании:

- В начале года Елбасы на 18-ом съезде партии «Нур Отан» в своем выступлении обозначил ряд главных задач на предстоящий год, к которым относятся поддержка доходов малообеспеченных слоев населения и решение их жилищных вопросов. Недавно я обратился ко всему коллективу с предложением поддержать жителей районов Атырауской области, где разрабатываются месторождения Компании и выделить однодневный заработок на приобретение жилья для малообеспеченных семей наших земляков. И благодарен Вам, что в очередной раз нашел поддержку у коллектива. Уверен, что в преддверии священного Рамазана добро, оказанное нашим коллективом, сторицей вернется каждому из нас!

Задача №1 – безопасное производство

Глава Компании также поблагодарил коллектив за достигнутые в прошлом году нулевые показатели по смертельным случаям и авариям, призвав продолжать работу в этом направлении в рамках стандартов, принятых в международных компаниях. Отметим, что в

целях сравнительного анализа показателей по травматизму, в Компании ведется статистика по охране труда в соответствии с требованиями международной ассоциации производителей нефти и газа (IOGP).

А. Жаксыбеков подверг подробному анализу 2 несчастных случая, имевших место в 1 квартале 2019 года, дав поручения руководителям на всех уровнях усилить контроль по вопросам техники безопасности, пресекать халатное отношение к своим трудовым обязанностям, проявлять активное участие в программе поведенческого наблюдения безопасности, вести профилактическую работу по вопросам охраны труда и техники безопасности, обеспечить полную прозрачность, объективность, а также своевременность информации по охране труда и окружающей среды, а также контролировать работу подрядных организаций.

В отчетном докладе руководитель Компании ознакомил с информацией по выполнению экологических обязательств, озвучил выполнение производственных показателей за 2018 год и первый квартал 2019 г. в масштабе всей Компании и в разрезе каждого ПСП, внедрению новых технологий.

В ходе доклада, руководитель ЭМГ ознакомил коллектив с результатами производственной и финансово-хозяйственной деятельности в масштабе Компании и в разрезе каждого ПСП. В 2018 году по Компании выполнен план добычи нефти в 2 миллиона 895 тысяч 332 тонн (+332 тонн), план сдачи нефти выполнен на 2 миллиона 863 тысяч 464 тонн (+1 489 тонн). В I квартале 2019 год план добычи нефти выполнен в объеме 715 тысяч 33 тонны, при плане - 713 тысяч 91 тонн, добыча сверх плана составил +1 тысячу 942 тонны. План сдачи нефти выполнен на 708 тысяч 322 тонны, при плане в 706 тысяч 415 тонн, сверхсдача составила +1 тысяча 907 тонн.

В отчетном докладе были детально рассмотрены статусы реализации геологоразведочных работ, дальнейшего тиражирования концепции «Интеллектуальное месторождение», проектов по МТО и ТОРО, действующих и планирующихся проектов по утилизации и переработке газа, обновления парка автотранспортных средств, внедрения новых технологий, проекта по полимерному заводнению на месторождении «Забурунье» и мн. др.

5, 5 миллиарда для работников

В рамках реализации Программы по модернизации материально-технической базы социальной инфраструктуры ЭМГ, на реализацию второго этапа Программы в 2018 году для НГДУ «Доссормунайгаз», НГДУ «Кайнармунайгаз», Управление «Эмбаунайэнерго», УПТОиКО и АУП была выделена сумма в размере 511 миллионов тенге. На эти средства были приобретены постельные принадлежности, бытовая техника, кухонное оборудование для столовых, спортивный инвентарь, уличные тренажеры, мебель для офиса и общежитий, ковры, жалюзи, контейнеры для ТБО, мобильные вагоны (медпункт, столовая, операторская и мобильные душевые).

В 2019 году запланировано приобрести мобильные вагоны, баромем-



бранную установку очистки воды, бытовую технику, мебель для офиса и общежитий, спортивное оборудование, постельные принадлежности на сумму 233 миллионов тенге.

Для улучшения социально-бытовых условий нефтяников в 2018 году были введены в эксплуатацию: общежитие на 100 мест по м/р Кенбай, столовая на 50 мест по м/р Кисымбай и 150 мест по м/р С. Балгимбаев.

Для поддержки работников ЭМГ, ведущих здоровый образ жизни, компания выделяет абонементы для посещения бассейнов и тренажерных залов в г. Атырау, организуется участие в спортивных состязаниях в рамках Компании и АО «Национальная Компания «КазМунайГаз» (далее НК КМГ). В рамках Коллективного договора в 2018 году Компания выполнила обязательства перед своими сотрудниками на общую сумму около 5 миллиарда 456 миллионов тенге. Сюда входят единовременные выплаты к праздникам, материальная помощь на оздоровление к ежегодному трудовому отпуску, единовременные выплаты по случаю рождения ребенка, выходу на заслуженный отдых, выплаты по беременности и родам, расходы родителей на детский отдых в оздоровительных лагерях, различные виды поддержки пенсионерам компании и многое другое. Работники имеют возможность самостоятельно выбирать где им отдыхать и поправлять здоровье. Компания покрывает затраты на санаторно-курортное лечение одного работника в размере 250 тысяч тенге.

Компания традиционно направляет значительные средства на спонсорскую поддержку социально-значимых проектов и благотворительность (для дома престарелых и людей с ограниченными возможностями, специализированный дом ребенка для детей с поражением центральной нервной системы, детям с ограниченными возможностями здоровья и малообеспеченных семей, на лечение). На эти цели в 2018 году компания направила около 216 миллионов тенге.

В соответствии с контрактными обязательствами Компания участвует в развитии инфраструктуры Атырауской области. Ежегодно в областной бюджет на эти цели перечисляются денежные

средства. В 2018 году было перечислено около 1 миллиарда 866 миллионов тенге, в 2019 году - около 126 миллиона тенге для финансирования социально-инфраструктурных проектов в Атырауской области.

Чему учатся нефтяники и досрочный выход на пенсию

В целях повышения профессионализма и обеспечения безопасности своих сотрудников компания ежегодно направляет значительные средства на обучение, подготовку и повышение квалификации работников. В 2018 году более 4,5 тысяч работников компании прошли обучение по обязательным курсам техники безопасности, (в том числе по промышленной безопасности - 4 596 работников, пожарной безопасности - 2 718, электробезопасности - 1 417, противобомбовой безопасности - 300, безопасности и охране труда - 105 работников). Повышение квалификации прошли 1 217 инженерно-технических работников - были организованы технические семинары по современным технологиям добычи нефти, увеличению нефтеотдачи пластов, зарубежные технологии бурения и другие, бизнес-семинары по управлению проектами, управлению рисками, финансовому моделированию, нормированию труда, маркетингу и др. За последние три года перспективные сотрудники Компании прошли специализированное обучение в ведущих учебных заведениях Италии, России и Японии.

Подготовку и переподготовку по рабочим профессиям прошли 971 работник (в том числе переподготовку по новым профессиям в связи с оптимизацией непрофильных профессий - 60 работников. В рамках внедрения новых технологий и оборудования - организован курс обучения для рабочих по обслуживанию ИСУ ШГН (интегрированная система управления штанговым глубинным насосом) и по обслуживанию и ремонту мультифазной насосной установки).

В рамках дуального обучения в период с 2015 - 2018 гг. и 1 квартал 2019 года прошли производственное обучение и практику 97 стажеров (из числа студентов Атырауского университета нефти и газа и Высшего колледжа АПЕК Петро-



техник, студентов – граждан РК, обучающихся в Уфимском государственном нефтяном техническом университете). Все успешно завершили обучение и им присвоены квалификации по рабочим профессиям, «Оператор по исследованию скважин», «Оператор по добыче нефти и газа», «Оператор технологических установок», «Слесарь КИП и А». 40 студентов, набравшие самые высокие баллы по итогам тестирования были трудоустроены в компанию.

На сегодняшний день продолжают обучение 39 студентов, из которых 19 – студенты Атырауского университета нефти и газа, 20 – Высшего колледжа АПЕК Петротехник. Отбор студентов был произведен согласно потребности производства по специальностям: «Геология и разведка месторождений полезных ископаемых», «Химическая технология органических веществ», «Разработка и эксплуатация нефтегазовых месторождений», «Технология инжиниринга КИП». Организована практика

для 191 студентов АУНГ, АПЕК, КБТУ и УГНТУ.

Согласно Функциональной стратегии в области управления персоналом и оплаты труда, в Компании в 2018 году завершена работа по оптимизации численности обслуживающего персонала (уборщики, горничные, операторы АЗС, КОС и др.).

С 2019 года начата работа по оптимизации вспомогательного персонала путем передачи рабочих мест водителей легкового автотранспорта, водителей автобусов, бортовых автомобилей и самосвалов на аутсорсинг. В то же время для высвобождаемых водителей организуется переобучение, подготовка и переподготовка с последующим трудоустройством на вакантные рабочие места внутри Компании путем внутренних переводов.

На протяжении последних 5-ти лет одним из проектов Общества, позволяющих оптимизировать численность путем создания благоприятных условий для работников предпенсионного воз-

раста, является Программа досрочного выхода на пенсию.

В период с 2014 по 2018 гг. условиями данной Программы воспользовались 237 человек, в 1 квартале 2019 года - 12 человек. Всего сумма расходов по реализации данной программы составила 1 миллиард 433 миллионов тенге. Программа рассчитана на поддержку работников, много лет жизни отдавших Эмбе. На сегодняшний день, 40% работников, воспользовавшихся условиями Программы (92 чел.), - работники НГДУ «Доссормунайгаз» - старейшего нефтегазодобывающего подразделения Эмбы.

Дисциплина – прежде всего!

Бесперебойность всего производственного процесса возможна только при наличии грамотного, квалифицированного персонала и строгом соблюдении им трудовой и исполнительской дисциплины. Всего по Обществу в 2018 году к дисциплинарной ответственности было привлечено 134 работника, в том числе с 2-мя работниками за нарушение трудовой дисциплины расторгнуты трудовые договора. В 1 кв. 2019 года на работников наложено 47 взысканий.

В ходе отчетного доклада председатель Правления привел имевшие

место в отдельных ПСП в 2018-2019 гг. и раскрытые в ходе проверок службой корпоративной безопасности и мобилизационной работы ЭМГ факты финансовых нарушений при сдаче отчетной документации за детский отдых и нарушения трудовой дисциплины:

- Предупреждаю об ответственности за подобные факты безответственного отношения к собственности Компании и трудовой дисциплине! Отныне позиция работодателя будет жесткой и принципиальной! По каждому случаю хищения имущества компании, информация будет срочно доводиться до правоохранительных органов, а в случае нарушения трудовой дисциплины – к виновникам будут применяться самые строгие меры взыскания.

В финальной части доклада А. Жаксыбеков поблагодарил коллектив Эмбы за вклад в дальнейшее развитие Компании, напомнив, что в текущем году перед Компанией стоит задача – выполнить план по добыче нефти в 2 миллиона 895 тысяч тонн.

По завершению встречи участникам встречи была предоставлена возможность задать вопросы и получить ответы от руководителя Компании. **Е**



Дөңгелек үстел

Діни ахуал ерекшеліктері түсіндірілді

Тұрғындардың діни сауаттылығын арттыру, экстремизмнің алдын алу, дәстүрлі рухани имандылық, діни құндылықтарды насихаттау негізінде «Жайықмұнайгаз» МГӨБ қарасты «С.Балғымбаев», «Жаңаталап» кен орындарында мұнайшылармен бірге «Дін саласындағы мемлекеттік саясаттың басымдылықтары» атты дөңгелек үстел өтті.

Аталған дөңгелек үстелге Исатай аудандық діни бірлестіктермен жұмыс және ақпараттық жұмыстарды үйлестіру бөлімінің мамандары Ерболат Насимуллин, Жаннат Орынғалиева және аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының міндетін атқарушы, ақпараттық түсіндіру тобының мүшесі Ботагөз Құлғалиева, теолог маман Нұрбол

Хван қатысты. Мұнайшылармен бірігіп өткізіліп отырған жиын барысында мұнайшыларды дұрыс тура дін жолын ұстанып тіл, діл, ұлттық құндылықтарымызды жойып алмау мәселесі кеңінен айтылды. 28 мың тұрғыны бар Исатай ауданы бойынша діни ахуал тұрақты болғанымен қазіргі таңда теріс ағымға ерушілер қатары ұйымдастыры-

лып жатқан шараларға қарамастан 10 адам есепте тұрса, оның 4-уі түзету мекемесінде жазасын өтеуде екен. Дөңгелек үстел барысында сөз алған Исатай аудандық діни бірлестіктермен жұмыс және ақпараттық жұмыстарды үйлестіру бөлімінің маманы Ерболат Насимуллин:

Жалғасы 7- бетте



Жалғасы. Басы 6-бетте

-Еліміздегі конфессияаралық татулық, ұлтаралық бірлік барлығы да Елбасының көреген саясатының нәтижесі. Қазіргі таңда теріс ағымдағы діндердің жастар тәбиесіне кері әсері, дәстүрлі дінімізді ығыстырып қойып, басқа ілімдердің соңынан ерушілердің көбейіп отырғаны шындық екенін айта келіп, оларға оң ықпал шараларын ұйымдастыру жолында, салауатты түсінік беру үшін әр түрлі діни ағымдардың ерекшеліктерімен жете та-

нысу, ата-аналарға баланы бақылаусыз қалдырмауы қажет екенін айтып өтті. Бұдан кейін теолог маман Нұрбол Хван сөз алып, бірнеше мұсылман елдерінде білім алып, іс-сапармен бола жүріп көңілге түйгенін ортаға салды. Ең алдымен діннің қағидаттарын, діни адамдардың ұстанымдарымен шатастырмау керек екендігін, балаларға дұрыс жолды көрсету, түйсігіне жеткізіп түсіндіре отырып, оларды теріс жолдан сақтандыру үшін алдымен өзіміз сол діндердің айырмасын айы-

рып, қыр-сырын жетік меңгеруіміз, яғни діни сауатымызды тереңдетуіміз керек екенін айтып өтті. Кездесуге келген «Жаңаталап» кен орнының технологы Азамат Каукуновтың «7 шөлпекке құран оқу дұрыс па?» деген сауалына теолог маман әр дастархан барысында құран оқылып, Аллаға шүкірлік білдірудің еш терістігі жоқтығын түсіндірді. Ал 7 шөлпекке құран оқылып, үйлерге таратылу ол өзіңізден ауысқанды садақа ретінде берген ниет болып саналатыны да айтып түсіндірді.

Экстремизм бұл әр уақытта әр қалай көрініс беретін өте күрделі құбылыс. Соңғы жылдары діни экстремизммен және терроризммен күрес – мемлекетіміздің ерекше назар аударып отырған мәселесі. Себебі халықтың қауіпсіздігі, елдегі тұрақтылық пен өркениетке кепілділік бола алатыны баршаға аян. Аталмыш кен орын мұнайшыларының сұранысы бойынша бұндай дөңгелек үстелдер тағы да кеңінен жалғасын табатын болды. **Е**

Өндіріске сапар

Өндірістің өзекті мәселелері талқыланды

Қызметкерлеріне қауіпсіз ортада алаңсыз еңбек етуде жан-жақты жағдай жасауды басты бағыт еткен «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығының өндіріс алаңдарына арналған сапарында осы жәйттарға ерекше мән берілді. «Жылоймұнайгаз», «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларындағы сапар барысында 2019 жылғы 1-ші тоқсан бойынша жұмыс қорытындысы тыңдалды.

«Жылоймұнайгаз» МГӨБ-да болған кеңейтілген мәжілісте мұнайшылардың әлеуметтік жағдайы кеңінен қозғалды. Басқармаға қарасты «Қысымбай» кен алаңында 50 орынды жатақхана бүгінде тарлық етіп отырғаны баса айтылып, осы кеніштегі мердігер мекемелердің қызметкерлеріне арналған ғимаратты жатақхана етіп қайта жаңғыртуға ұсыныс болды. Сол арқылы Қысымбай кеніші жатақханасын тағы да 10 орынға кеңейту жәйі айтылды.

Өндіріс алаңдарындағы «Медикер» ЖШС-не қарасты медицина орталығының жұмысы тыңдалып, орталықтың жұмысына оң баға берген Басқарма төрағасы Әнуар Еркінұлы өндіріс алаңдарын жедел жәрдем көлігімен барынша толық қамтылу керектігін баса айтты.

Тозығы жеткен өндіріс нысандарын жаңғырту үшін 2020 жылғы жоспарға енгізіп, нақты тапсырмаларын берді.

Өндіріс мәдениеті - мәжілістерде жиі көтерілетін тақырыптың бірі. «Жылоймұнайгаз» МГӨБ-ғы жиналыста осы тақырып тағы көтеріліп, өндірістік алаңдарды көгалдандыру, жасыл желектер отырғызу шаралары тапсырылды.

Компания басшылығы басқарманың ірі өндіріс ошағы - «Прорва» кен алаңында болып, мұндағы Ілеспе газды

кешенді дайындау (бұдан былай -Қондырғы) қондырғысының жұмысымен жан-жақты танысты.

Қондырғы 2017 жылдың маусым айында іске қосылған болатын. Қазіргі таңда тауарлы газ «Орта Азия-Орталық» магистральдық газ құбырына дейін Прорва кен алаңдарында ілеспе газды ауаға жағуды айтарлықтай азайту арқылы берілуде. Мұндай қондырғылар 2012-2013 жылдардан бері Компанияның Шығыс Мақат және С.Балғымбаев кен алаңдарында табысты жұмыс істеп, Атырау облысының үш ауданы тұрғындарының жеңілдетілген бағамен көгілдір отынмен қамтамасыз етіп отырғаны белгілі. Бүгінгі таңда Компания зауытта өндірісті жан-жақты дамыту және жаңа технологияларды енгізу жұмыстарын кешенді іске асыруда. Басшылық тарапынан ұсыныстар да айтылды. Арнаулы диспетчерлік бөлмеге үлкен манитор орнатылып, зауыттың толық схемасын электронды негізде қою қажеттілігі қаперге берілді. Химиялық-аналитикалық зертхананың жұмысымен танысқан соң «Семсер-Өрт» ЖШС жабдықталуы технологиясымен танысып, әскери бөлім болып саналғандықтан кейін қандай да жағдайда да кәсіби шапшаңдық болуы қажеттілігін ескертті. Арнаулы өндірістік кен алаңдарды аралай келе көшпелі мәжіліс «Каспий –Самалы» мұнайшылар қалашығындағы кеңеске ұласты.

Мәжілісте басқарманың ағымдағы жылдың бірінші тоқсанындағы өндіріс көрсеткіштері, алдағы жұмыс жоспары таныстырылды.

Қазіргі таңда компанияның басты құндылықтарының бірі – қызметкерлердің қауіпсіздігі болып табылады. Сондықтан



өндірістегі күнделікті жұмыс ережеге сай талаптардан ауытқымауы қатаң ескертілді. Көшпелі мәжіліс кезінде мұнайшылар басшылыққа өздерін толғандырып жүрген сауалдарын да қойды.

Кен орнының операторы Нұрболат Кенжағариевтің «Өндірістегі жұмыс орнын аттестациядан өткізіп, экологиясы зиянды жерде жұмыс жасағаны үшін қосымша ақы төлеу мәселесін шешіп беруге өтінішін жолдап, мұнай және газ өндіру операторларының кезекті еңбек демалысын 30 күннен 36 күнге ұлғайтуға ұсынысына» Әнуар Еркінұлы «жағдай 2019 жылғы өндірістегі жұмыс орнына аттестация жүргізілгеннен кейін анықталатынын, аттестация екіге бөліне жүргізілетінін, бірінші кезең жазда, ең ыстық уақытта және екінші кезең күзде, салқын мезгілде болатынын» қаперге берді. «С.Нұржанов» кен орнының операторы Нұрлан Өкпеқазиевтің «Өндірісте жұмыс жасап, қайтыс болған қызметкерлердің балаларын жұмысқа алуға берген» ұсынысына басқарма басшысы «Жұмысқа қабылдау белгіленген талаптарға сай жүргізіліп келе жатқанын, арнайы тесттен өткен маман ғана жұмысқа қабылданатынын» атап өтті.

Жиынға қатысушылар тәртібінен арнайы біліктілігін арттыруға барғандағы табелдік сағатты қойылу мәселесі тағы қаралуы, арнаулы құрал жабдықпен жұмыс жасаушыларға қосымша ақы төленуі де көтерілді. Барлығы жоғарыда айтылғандай аттестацияға байланысты қорытынды шығарылып, арнайы мамандарға тапсырма беру негізінде қаражат қарастырылатыны да айтылды.

Басшының сапары «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-да жалғасты. Компания басшылығы «Б.Жоламанов» кен орнында автокөліктерге арналған ғимараттың құрастыру жұмыстарымен танысып, жұмысты жеделдету қажеттігін және оңтайлы жылу жүйесімен қамтуды тапсырды.

Үстіміздегі жылдың ақпан айында пайдалануға берілген «Солтүстік Уаз» кен алаңындағы мұнай жинақтау бекетінің жұмысымен танысып, кен алаңына тоқ желісін тарту мәселесі талқы-

ланды. «Шығыс Уаз» кен алаңын екіге бөліп тұрған Сағыз өзенінен автокөлік өтетін көпір салу және кен алаңына қабатқа су айдау үшін екі ұңғы қазу мәселелері талқыланды. «Кенбай» вахталық қалашығындағы әкімшілік ғимаратта өндірістік мәжіліс өтті. Онда 2019 жылдың I-ші тоқсанындағы өндірістік көрсеткіштерінің орындалуы мен өндірістің ағымдағы жай-күйі жөнінде қысқаша мәлімет берілді. Орын алған проблемалар да талқыға салынды.

Жиын барысында Басқарма төрағасы Ә.Жақсыбеков басқарма бойынша жоспарланған мұнай өндіру, тапсыру көрсеткіштерін орындау және соған бағытталған, жоспарланған ұйымдастыру-техникалық, геолого-техникалық шараларының орындалуын қамтамасыз етуді қатаң қадағалап, орындауын тапсырды. Сонымен қатар, ең бірінші өндірістік жұмыстарда еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау заңдылықтарын қатаң сақталуы өзекті екенін мұнайшыларды тағы бір мәрте қаперлеріне берді.

Сапар барысында өндірістік нысандарындағы күрделі құрылыс нысандарының сапалы жүргізілуі, межеленген уақытында бітіруін қатаң қадағалау тапсырылды.

Басқарма төрағасы Тайсойған блогындағы қолға алынып жатқан ауқымды жұмыстарды да айта кетті.

Жиын соңында басқарманың жауапты мамандарының пікірлері тыңдалып, шешімін күткен өзекті мәселелерге жан-жақты тоқталды. Өз сөзінде Басқарма төрағасы Әнуар Еркінұлы барлық жауапты мамандарға тапсырма беріп, өндіріс барысында, әлеуметтік нысандарда ұрлыққа қатаң тиым салынатынын, келеңсіз жәйттар анықталған жағдайда заң аясында қатаң шара қолданылатынын назарға берді. Сондай-ақ, мұнайшыларға Компания тарапынан берілетін әлеуметтік көмектерді және жұмысқа орналастыру барысында, арнаулы тесттен сәтті өткеннен кейін вахтаналық орын болған жағдайда жұмысқа алынатынын дұрыс түсіндіру қажеттілігі айтылды. **Е**



Помощник, с которой было легко работать!

26 апреля в офисе АО «Эмбаунайгаз» проводили на пенсию долгие годы бессменного офиса-менеджера приёмной первого руководителя Давлеталиеву Светлану Ахметовну.

42 года назад молодой специалист Светлана Давлеталиева пришла курьером в подведомственную производственному филиалу «Эмбанефть» - жилищно-коммунальную контору «ПОЭН». С тех пор много раз менялось название ее должности, но всегда неизменными оставались ее деловые и личностные качества - доброжелательность, пунктуальность, ответственность и надежность! Благодаря этим качествам, Светлана Ахметовна стала незаменимой помощницей для 11 руководителей и главных инженеров АО «Эмбаунайгаз». Здесь же в компании она встретила свою вторую половину, создала семью и вместе с мужем воспитала дочерей.

В ходе традиционной церемонии проводов на заслуженный отдых Светлану Ахметовну поздравил председатель Правления компании Ануар Жаксыбеков. Свои поздравительные адресаты направили бывшие руководители АО «Эмбаунайгаз» - вице-министр энерге-

тики РК Махамбет Досмухамбетов и заместитель председателя Правления по геологии и разведке АО «Национальная Компания «КазМунайГаз», генеральный директор АО «Разведка Добыча «КазМунайГаз» Курмангазы Исказиев, Нурпеис Махашев и Жумабек Жамауов.

Теплые слова в адрес Светланы Ахметовны озвучил в присланном видеообращении ее первый руководитель Мусабек Исаев.

- Как быстро летит время! Не могу представить Светлану Ахметовну (нашу Светлану) пенсионеркой. Кажется, совсем недавно, молодой де-



вушкой она пришла в объединение "Эмбанефть", и скоро стала хозяйкой приемной генерального директора. Сколько исторических документов прошло через твои руки. Тебя всегда отличали доброта и внимание, отзывчивость и понимание дела. Ты была не просто секретарем, ты была моим помощником, с которым было легко работать. В этот день, немного "грустный" хочу пожелать тебе прежде всего здоровья, не забывать друзей, поддерживать связи. И конечно же оставать-

ся любимой и любящей мамой. Благополучия тебе, твоей семье и долгих лет жизни, - пожелал в телеграмме бывший главный инженер ПО «Эмбанефть», ныне проживающий в Москве, Юрий Балдуев.

В ходе мероприятия с поздравлениями выступили заместители председателя Правления, председатель профсоюзного комитета аппарата управления Б. Нсанбаев, коллеги по блоку председателя Правления и подруги Светланы Ахметовны. **Е**



Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: қоғаммен байланыс қызметі

Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш.Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі

мекен-жайға жолдай аласыздар:

Л.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177.

L.Suleimenova@emg.kmger.kz

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmger.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmger.kz

А.Хаменова – 8 (7122) 99-34-80; 21-253

A.Khamenova@emg.kmger.kz

Редакциялық кеңес:

Әнуар ЖАҚСЫБЕКОВ - «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы;

Айболат ГАБДУЛЛИН - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;

Қайрат ӘДІЛБЕКОВ - Басқарма төрағасының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары;

Сәлімжан НАҚПАЕВ - Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;

Бауыржан БАЛЖАНОВ - Басқарма төрағасының бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары;

Гүлбану ШАРАФЕТДИНОВА - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры; Лаура СҮЛЕЙМЕНОВА - қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.

Баспахана: «Print House Gerona» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қ., Қ. Сәтпаев көш., 30А/3, Х. Ерғалиев жағалауы бұрышы, 124 кеңсе.

Тел: +7(727) 250-47-40, 398-47-39.

Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.
«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстары қызметі